

ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Aquarplast RT™ және
Fibreplast[®] термопластиктері
және IntegraBite™



 EC REP Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatar, BKR 4013 Malta	UK Responsible Person QServe Group UK, Ltd. 49 Greek Street Soho, Longdon W1D 4EG United Kingdom	
 АҚШ-та жасаған өндіруші Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 484-720-6053 www.Qfix.com	CH REP	Raditec Medical AG Schlossberg 5a 5454 Bellikon Switzerland

Anvisa тіркеу №: 81300160001

Fibreplast® – Qfix компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Aquaplast RT, Assure, IntegraBite және Integrated Shim – Qfix компаниясының сауда белгілері.

Moldcare® – ALCARE CO, LTD компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Clorox® – The Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Super Sani-Cloth® – PDI Healthcare компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Cidex® – Johnson & Johnson компаниясының тіркелген сауда белгісі.

AQUAPLAST RT™ ЖӘНЕ FIBREPLAST® ТЕРМОПЛАСТИКТЕРІ

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

Aquaplast RT және Fibreplast сәулелік терапиядан өтіп жатқан емделушілерді қозғалтпай ұстауға, жайғастыруға және дене қалпын өзгертуге арналған.

! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.

МАҚСАТТЫ ЕМДЕЛУШІ ТОПТАРЫ

Рентгенотерапия немесе диагностикалық визуализация процедураларынан өтіп жатқан емделушілер.

МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР

Өнімнің мақсатты пайдаланушысы – аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Бұл құрылғыны пайдалану жекелеген адамдардың терісіне тиген кезде жеңіл сезімталдық тудыруы мүмкін.
- Aquaplast RT және Fibreplast термопластиктері тек бір емделушіге қолдануға арналған және стерильді емес.
- Термопластикалық маскалар сәулелік терапия сәулесін сейілтеді және тері дозасын арттырады. Жоспарлау және емдеу кезінде мұндай сейірту мен тері дозасының артуын ескеру қажет.
- Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.

! ЕСКЕРТУ ! ЕМДЕЛУШІНІҢ ОРНАЛАСУ ҚАЛПЫН ТЕКСЕРУ СӘУЛЕЛІК ТЕРАПИЯ ОРТАСЫНДА ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ КЕЗІНДЕ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК. ЕМДЕУ ЖҮРГІЗУ АЛДЫНДА ЕМДЕЛУШІНІҢ ОРНАЛАСУ ҚАЛПЫН ТЕКСЕРУ ҮШІН СТАНДАРТТАЛҒАН БАПТАУДЫ ТЕКСЕРУ ПРОТОКОЛДАРЫН ОРЫНДАҢЫЗ.

! ЕСКЕРТУ ! ПРОТОНМЕН ЕМДЕУ ОРТАСЫНДА ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ БАРЫСЫНДА ДОЗА ТЕРЕҢДІГІ, ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ АЙМАҚ ӨСЕРЛЕРІ БАҒАЛАНУЫ КЕРЕК.

! ЕСКЕРТПЕ ! Масканы басылған істіктерімен сақтамаңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Масканы істіктерінен ұстап көтермеңіз.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің құзыретті органына да хабарлаңыз.

МР ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



 Бейклиникалық сынақтар **Aquaplast RT және Fibreplast термопластиктері** МР ортасында қауіпсіз екенін көрсетті. **Aquaplast RT және Fibreplast термопластиктерін** МР ортасында пайдалануға болады.

AQUAPLAST RT™ ЖӘНЕ FIBREPLAST® ТЕРМОПЛАСТИКТЕРІ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

- Aquaplast RT және Fibreplast құрылғыларының әртүрлі өлшемі мен қалыңдығы бар. Термопластиктердің толық таңдауын білу және қосымша ақпарат алу үшін Qfix каталогін қараңыз немесе www.Qfix.com сайтына кіріңіз.
- Aquaplast RT және Fibreplast термопластиктерін нарықта сатылатын иммобилизация және орналастыру құрылғыларымен (мысалы, көбік түзетін заттар және вакуумды жастықтар) пайдалану үшін бейімдеуге болады. Сондай-ақ Aquaplast RT және Fibreplast құралын бас және мойын иммобилизация жүйелерімен пайдалану үшін өзгертуге болады.
- Масканы жасау кезінде емделушінің шашын жабу үшін душ қалпақшасын пайдалануға болады. Жұмсартылған күйінде маскалар шаш спрейі шашылған шашқа жабысып қалуы мүмкін.
- Емделушінің оңтайлы орналасуы мен жайлылығы үшін:
 - Ықтимал қысым нүктелерін азайту үшін шығыңқы сүйектерге 10 x 10 см (4 x 4 дюйм) дәке жастықша қоюға болады.
 - Масканы жасау кезінде емделушінің басының астына жастықша немесе ұқсас құрылғы төсеп қоюға болады. Масканың дәлдігін реттеу үшін процедураға төсемдерді қосуға немесе алып тастауға болады.
- Кез келген ашық жараны немесе зақымды масканы құю алдында аурухана протоколына сәйкес таңғышпен немесе полиэтилен орамамен жабу керек.
- Қолданбаған кезде, маскаларды ыстықтан және тікелей күн сәулесінен алыс ұстаңыз.
- Aquaplast RT және Fibreplast аурухана протоколына сәйкес қоқысқа тасталуы керек.

S ТӘРІЗДІ ЖАҚТАУ ІСТІГІН АНЫҚТАУ

Жақтаудың түсі	Істіктің түсі
 Қою көк жақтау	 Сұр істіктер
 Ақшыл көк жақтау	 Ақ істіктер

RAPIDHEAT™ ПЕШІ

ТЕРМОПЛАСТИКАЛЫҚ МАСКАНЫ ЖҰМСARTY

! ЕСКЕРТУ ! RAPIDHEAT™ ПЕШІНІҢ ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫНДА БЕРІЛГЕН ЕСКЕРТУЛЕР, САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ МЕН ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫНЫҢ БАРЛЫҒЫН ОРЫНДАҢЫЗ.

! ЕСКЕРТУ ! ПЕШТІҢ СӨРЕЛЕРІ ЫСТЫҚ БОЛУЫ МҮМКІН! АБАЙЛАП ҰСТАҢЫЗ. ҰСТАҒАН КЕЗДЕ ҚОЛДЫ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ.

Емделушіні симуляция бөлмесіне апарар алдында, қуат түймесін  басы арқылы RapidHeat™ пешін қосыңыз.

Қолмен басқарылатын режим

1. Бағдарлама индикаторы (P01, P02, т.б.) жыпылықтауын тоқтатқанда, қажет температураны орнату үшін КӨБЕЙТУ  немесе АЗАЙТУ  түймесін басыңыз. Шағын ТЕМПЕРАТУРА  белгішесінің қасында шам жыпылықтайды.
2. ТАЙМЕР  түймесін басыңыз. Шағын ТАЙМЕР  белгішесінің қасында шам жыпылықтайды. Қажет қыздыру уақытын орнату үшін КӨБЕЙТУ  немесе АЗАЙТУ  түймесін басыңыз.
3. Алдын ала қыздыру циклін бастау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТУ  түймесін басыңыз. Дисплейде «PrH» белгішесі жыпылықтап, АЛДЫН АЛА ҚЫЗДЫРУ режимін білдіреді. «Масканы қыздыру» бөліміне өтіңіз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Температура өзгергенде, шағын ТЕМПЕРАТУРА  белгішесінің қасындағы шам жыпылықтап тұрғанын тексеріңіз. Қыздыру уақыты өзгергенде, шағын ТАЙМЕР  белгішесінің қасындағы шам жыпылықтап тұрғанын тексеріңіз.

Бағдарлама режимі

1. Бағдарлама индикаторы (P01, P02, т.б.) **жыпылықтап** тұрғанда, қажет бағдарлама таңдалғанша КӨБЕЙТУ  немесе АЗАЙТУ  түймесін басыңыз.
2. Алдын ала қыздыру циклін бастау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТУ  түймесін басыңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Дисплейде P01 (1-бағдарлама), P02 (2-бағдарлама), т.б. жыпылықтау арқылы соңғы сақталған бағдарлама көрсетіледі. Егер қажет бағдарлама таңдалмай тұрып дисплейдің жыпылықтауы тоқтаса, қажет бағдарлама таңдалғанша P  түймесін басып, КӨБЕЙТУ  немесе АЗАЙТУ  түймесін басыңыз.

RAPIDHEAT™ ПЕШІ

Масканы қыздыру

1. Пеш алдын ала қыздыру циклін аяқтап, термопластикалық маска қыздыруға дайын болғанда, пеш дыбыстық сигнал береді де, дисплейде «PrH READY» белгішесі көрсетіледі.
2. Aquaplast RT немесе Fibreplast маскасын торлы лайнердің үстіне қойыңыз.
3. Торлы лайнерді тасымалдау парағы ретінде пайдаланып, торлы лайнерді пеш сөресіне қойыңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Маска жақтауының астыңғы жиегін пештің артына қарай орналастырыңыз да, оны пеш сөресінің артқы жиегімен туралаңыз. Маска басы пештің алдыңғы жағындағы пеш сөресінің алдыңғы жиегіне туралануы керек.

4. Пештің есігі жабылған кезде БАСТАУ/ТОҚТАТУ  түймесін басыңыз, сонда таймер кері санай бастайды.
 - Жұмсарту циклі кезінде ТЕМПЕРАТУРА  түймесін бір рет басу арқылы пеш камерасының іс жүзіндегі температурасын байқауға болады.
 - Пештің температурасын жоғарылату немесе азайту үшін қажетті температураға жеткенше КӨБЕЙТУ  немесе АЗАЙТУ  түймесін басыңыз.
 - Кері санақ таймерін арттыру немесе азайту үшін қажет қыздыру уақытын қайта орнату мақсатында ТАЙМЕР  түймесін, одан кейін КӨБЕЙТУ  немесе АЗАЙТУ  түймелерін басыңыз.
 - Пештің ішін жарықтандыру үшін ШАМ  түймесін басыңыз. Шам 60 секунд жанып тұрады.
 - Жұмсарту барысында пештің есігі ашылса, таймер кідіріледі. Пештің есігі жабылған кезде, таймер кері санақты жалғастырады.
5. Таймер нөлге жеткенде, пештен үш рет, содан кейін жұмсарту циклінің аяқталғанын білдіретін 60 секунд сайын бір рет дыбыстық сигнал беріледі. Дисплейде «READY» жазуы көрсетіледі. Торлы лайнерді тасымалдау парағы ретінде пайдаланып, масканы пеш сөресінен шығарып алыңыз.
6. Емделушіге қолдану алдында, маска емделушіге жайлы болуы үшін жеткілікті дәрежеде салқын екеніне көз жеткізіңіз.

Qfix термопластикалық маскалары үшін ұсынылатын қыздыру уақыттары мен температуралары

Термопластик	Қыздыру уақыты	Қыздыру температурасы
Aquaplast RT және Fibreplast маскалары	3-11 минут	74 °C (165 °F)

! ЕСКЕРТУ ! МАСКАНЫ 30 МИНУТТАН АРТЫҚ ҚЫЗДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ.

СУ ВАННАСЫ

ТЕРМОПЛАСТИКАЛЫҚ МАСКАНЫ ЖҰМСARTY

! ЕСКЕРТУ ! ӨНІМНІҢ НҰСҚАУЛЫҒЫНДА ЖӘНЕ СУ ВАННАСЫНА АРНАЛҒАН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫНДА БЕРІЛГЕН ЕСКЕРТУЛЕР, САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ МЕН ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫНЫҢ БАРЛЫҒЫН ОРЫНДАҢЫЗ.

1. Емделушіні симуляция бөлмесіне апарар алдында, термопластикті жабуға жеткілікті су бар екенін тексеріп, су ваннасын қосыңыз.
2. Торлы лайнерді ыстық суға салып, үстіне масканы қойыңыз.

Qfix термопластикалық маскалары үшін ұсынылатын қыздыру уақыттары мен температуралары

Термопластик	Қыздыру уақыты	Қыздыру температурасы
Aquaplast RT маскалары	2 минут	70°-75 °C (160°-170 °F)
Fibreplast маскалары	2 минут	75°-80 °C (165°-175 °F)

! ЕСКЕРТУ ! МАСКАНЫ СУ ВАННАСЫНДА 30 МИНУТТАН АРТЫҚ ҚАЛДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ.

3. Торлы лайнерді тасымалдау парағы ретінде қолданып, жақтауды судан шығарыңыз да, артық суды құрғақ сүлгімен сүртіп тастаңыз. Маска құрғақ және емделушіге жайлы болатындай салқын екеніне көз жеткізіңіз.

! ЕСКЕРТУ ! ЖАҚТАУ МЕН ТЕРМОПЛАСТИК МАТЕРИАЛ ЫСТЫҚ БОЛУЫ МҮМКІН! АБАЙЛАП ҰСТАҢЫЗ. ЕМДЕЛУШІ ЖАРАҚАТТАНБАУ ҮШІН ЕМДЕЛУШІГЕ ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА БІРАЗ САЛҚЫНДАТЫҢЫЗ.

ПІШІНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

AQUARLAST RT ЖӘНЕ FIBREPLAST МАТЕРИАЛДАРЫН ПІШІНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

1. Қолданылатын құрылғыға байланысты қолайлы бас тіреуіштері мен MOLDCARE® опцияларын пайдаланыңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Қолданылатын құрылғының түріне байланысты, емделушіге масканы кигізер алдында материалды алдын ала созу пайдалы болуы мүмкін. Материалды алдын ала созу дайын маскадағы тесіктердің біркелкі үлгісін алуға мүмкіндік береді және шөгү әсерін азайтады. Fibreplast материалын алдын ала созбаған жөн.


2. U тәрізді жақтауды немесе S тәрізді жақтауды алдын ала созу үшін масканы бір қолыңызбен жамбасыңызға қысып тұрып, оны қолыңызбен шамамен 15 см (6 дюйм) созыңыз (1-сурет).
3. Жұмсартылған масканы емделушіге кигізер алдында оның тым ыстық емес екеніне көз жеткізіңіз.
4. Термопластикті емделушінің бетіне 45° бұрышпен жоғары қарай көлбеулей отырып, термопластиктің шетін емделуші иегінің астына ілуден бастаңыз (2-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! Процесс қолданылатын құрылғы түріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.


5. Термопластты жоғары 15-20 см (6-8 дюйм) үлкендікке керіп, қайтадан құрылғыға кигізіңіз (3-сурет).
6. Масканы құрылғыға бекітіңіз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Масканы бекіту қолданылатын құрылғының түріне байланысты әртүрлі болады.


7. Емделуші басының қажетті контурына, сондай-ақ мұрын қырының айналасындағы контурға қол жеткізу үшін саусағыңызбен масканы пішіндеуді аяқтаңыз (4-сурет).
8. Масканы алып тастамас бұрын кем дегенде 10-15 минут толық суытыңыз. Мүмкін болса, маска суығанда оны симуляция аяқталғанша алмай симуляцияны бастаңыз.




1-сурет



2-сурет




3-сурет




4-сурет

РЕТТЕЛМЕЛІ, ТЕСІЛГЕН ТЕРМОПЛАСТИКТЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ МЫСАЛДАРЫ

Төменде реттелмелі, тесілген термопластиктерді мұрны мен иегі дұрыс позициялы емделушінің бетіне қою жолының мысалы келтірілген.



5-сурет



6-сурет

ПІШІНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

ТЕК БАСҚА АРНАЛҒАН ASSURE™ OPEN VIEW КӨЗ МАҢЫ АШЫҚ МАСКАСЫН ПІШІНДЕУ НҰСҚАУЛАРЫ

1. Қолданылатын құрылғыға байланысты қолайлы бас тіреуіштері мен MOLDCARE® опцияларын пайдаланыңыз.
2. Жұмсартылған масканы емделушіге кигізер алдында оның тым ыстық емес екеніне көз жеткізіңіз.
3. Термопластикалық масканы емделушіге кеуде қуысының жоғарғы бөлігінен бастап, ашық көрініс бөлігінің төменгі шекарасы мұрынның түбіне және жоғарғы бөлігі қастардан 1 см жоғары келетіндей етіп кигізіңіз.
4. Масканы бекітпес бұрын, екінші адам масканың ашық жағын құрылғыға бекіту үшін қолдарын жоғарғы және төменгі жиектеріне қоюы керек.
5. Термопластикті құрылғыға дейін 15-20 см (6-8 дюйм) төмен созыңыз.
6. Масканы құрылғыға бекітіңіз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Масканы бекіту қолданылатын құрылғының түріне байланысты әртүрлі болады.

7. Қосымша беріктік пен тұрақтылық үшін масканың түбін емделушінің иегіне бүктеңіз.
8. Емделуші басының қажетті контурына қол жеткізу үшін саусағыңызбен масканы пішіндеуді аяқтаңыз.
9. Масканы алып тастамас бұрын кем дегенде 10-15 минут толық суытыңыз. Мүмкін болса, маска суығанда оны симуляция аяқталғанша алмай симуляцияны бастаңыз.

БАС ПЕН ИЫҚҚА АРНАЛҒАН ASSURE OPEN VIEW ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПІШІНДЕУ НҰСҚАУЛАРЫ

1. 1-3-қадамдарды «Тек басқа арналған Assure Open View» бөлімінен қараңыз.
2. Масканы бекітпес бұрын, екінші адамнан термопластикті кеудеге екі қолмен бекітуін сұраңыз.
3. Масканы құрылғыға баяу тарта бастаңыз, Open View саңылауын созып алмаңыз және бекіту істіктерін бекітіңіз.
4. Емделуші басының және иықтарының қажетті контурына қол жеткізу үшін саусағыңызбен масканы пішіндеуді аяқтаңыз.
5. Масканы алып тастамас бұрын кем дегенде 10-15 минут толық суытыңыз. Мүмкін болса, маска суығанда оны симуляция аяқталғанша алмай симуляцияны бастаңыз.

ПІШІНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

INTEGRATED SHIMS ТӨСЕМДЕРІ БАР МАСКАЛАРДЫ ПІШІНДЕУ НҰСҚАУЛАРЫ

! ЕСКЕРТПЕ ! Егер Integrated Shim істігі жақтаудан шығып кетсе, масканы тастаңыз. Integrated Shim маскасын қайта құрастыруға тырыспаңыз.

1. Алдыңғы термопластикалық маскадағы әр істікті төсемнің қажетті биіктігіне дейін бұраңыз; 2 мм ұсынылады (таңбалау 0,5 мм қадаммен жасалады) (7-сурет).
2. Қолданылатын термопластикалық маска түріне байланысты мына бөлімдердің бірін орындаңыз:
 - Aquaplast RT және Fibreplast құрылғыларын пішіндеу нұсқаулары – 1-5-қадамдарды орындаңыз.
 - Тек басқа арналған Assure Open View маскасын пішіндеу нұсқаулары – 1-4 -қадамдарды орындаңыз.
 - Бас пен иыққа арналған Assure Open View құрылғысын пішіндеу нұсқаулары – 1-3-қадамдарды орындаңыз.


! ЕСКЕРТПЕ ! Алдыңғы масканы бекітпес бұрын, Integrated Shims™ төсемдері дұрыс биіктікте орнатылғанына көз жеткізіңіз.

! ЕСКЕРТУ ! МАСКАНЫ БЕКІТКЕН КЕЗДЕ, ЕМДЕЛУШІНІ НЕМЕСЕ ОПЕРАТОРДЫ МАСКА МЕН ҚҰРЫЛҒЫ АРАСЫНДА ҚЫСЫП АЛМАУ ҮШІН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ.

3. Барлық істіктерді басу арқылы термопластикалық масканы бекітіңіз, термопластикалық масканың бекітілгенін білдіретін «сырт» еткен дыбысты естисіз.
4. Емделуші басының және иықтарының қажетті контурына қол жеткізу үшін саусағыңызбен масканы пішіндеуді аяқтаңыз.
5. Масканы алып тастамас бұрын кем дегенде 10-15 минут толық суытыңыз. Мүмкін болса, маска суығанда оны симуляция аяқталғанша алмай симуляцияны бастаңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Integrated Shim System™ жүйесі термопластикалық маскаларға бірге орнатылған және ол маска жүйесін алмай-ақ биіктікті реттеуге мүмкіндік береді.

- Термопластикалық маска емделушіде болған немесе одан алынған кезде істікті бұрап алу арқылы қажетті биіктігін орнатыңыз. Биіктікті жоғарылату үшін сағат тілі бағытында, ал төмендету үшін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
- Төсемдер 0,5 мм қадаммен реттеледі.
- Әр төсемнің биіктігін бір-бірінен тәуелсіз реттеуге болады.



7-сурет


BOS БАС ЖАҚТАУЫНА АРНАЛҒАН AQUAPLAST RT НЕМЕСЕ FIBREPLAST МАСКАСЫ

БАПТАУ


BoS көбік бас/мойын тірегін құрылғының мойын аймағына қойыңыз.

- Көбікті материалдан жасалған бас/мойын тіреуішінің орнына MOLDCARE® құралын қолдануға болады. Qfix компаниясы BoS бас жақтауымен пайдалану үшін RT-4492U құрылғысын ұсынады.
- BoS маскасының шөгуінің компенсациясы үшін көбік тығыздағышты (RT-4485) қолдануға болады.


! ЕСКЕРТПЕ ! BoS маскасы BoS құрылғысындағы істіктерге бекітілген кезде масканың дәнекерленген жағымен (11-суретті қараңыз) емделушіге қатысты сыртқа қарап пішінделетіндей етіп жасалған. Масканы жақтауы бар жағын (10-суретті қараңыз) төмен қаратып, су ваннасына немесе пешке және масканы қалыптастыру кезінде емделушіге қаратып орналастырыңыз. Жақтауды BoS құрылғысына бекітудің ең оңай жолы – алдымен 9-суретте «А» әрпімен белгіленген істікті бекіту.




8-сурет: Көбік
тығыздағыш (RT-4485)



9-сурет



10-сурет: Жақтау бүйірі



11-сурет: Дәнекерленген
жағы

ШЫҒАРЫП АЛУ

1. Масканы емделушіден алыңыз.
2. Емделушіні құрылғыдан тұрғызыңыз.
3. Құрылғыны үстел бетінен алыңыз.
4. Индекстеу адаптерін үстел бетінен алыңыз.

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



Бірге пайдалануға болмайтын материалдар

Жоғарғы/төменгі жақтағы барлық тістің синтетикалық алмастырғышына немесе табиғи тіске композит пластмасса бекітуін, акрил немесе керамика толтырғыштарын қамтитын тіс пломбаларына қолдануға болмайды.

Қосымша сақтық шаралары

- Әр қолданар алдында масканы міндетті түрде тазалаңыз.
- Егер тістеу пластинасы түсіп кетсе, қалпына келтіріңіз.
- Тіс пен маска арасында ерін қысылып қалмау үшін тістеу пластинасын емделушінің аузына салғанда абай болыңыз.
- Тістеу пластинасы артефактілер тудыруы мүмкін.
- Тістеу пластинасының болжос әсері болуы мүмкін.
- Термопластиктің егелген тісті айнала орналасуына мүмкіндік беріп, тісті инкапсуляциялау ықтималдығынан абай болыңыз.

МР ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

MR Бейклиникалық сынақтар **IntegraBite** құрылғысы МР ортасында қауіпсіз екенін көрсетті. **IntegraBite** құрылғысын МР ортасында пайдалануға болады.


ФУНКЦИЯЛАР

Сипаттамасы

Дербестелген IntegraBite иммобилизация құрылғысы бас пен мойынға сәулелік терапия алатын емделушілердің дәл және қайта орналасуын қамтамасыз етеді. IntegraBite қайта орналастыруды және емдеу үшін емделушіге әртүрлі бұрыштарда барынша қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған. IntegraBite жүйесі емдеу кезінде бас пен мойынды қозғалтпай ұстап тұруға арналған және қайта орналастыруға мүмкіндік береді.

Қажет керек-жарақтар


Fibreplast термопластикалық маскасы




1. INTEGRABITE
2. АППЛИКАТОРЫ
3. ТІСТЕУ ПЛАСТИНАСЫ

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ


1. IntegraBite дұрыс құрастырылғанына және аппликатор мен тістеу пластинасының тігінен тураланғанына көз жеткізіңіз (11-сурет).
2. Fibreplast маскасын пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жасаңыз.
3. Маска әлі қалыпқа келетін кезде емделушінің аузына маска арқылы тістеу пластинасын салыңыз (12-сурет).
4. Тістеу пластинасын қажет тереңдікке салу үшін бағыттағышты пайдаланыңыз (12-сурет).
5. Орнатқаннан кейін, тістеу пластинкасын емделушінің аузының ортасына қойып, емделушіден пластинаның қисық ұшын тістеуін сұраңыз.
6. Масканы суытып, дұрыс бекітіңіз.
7. Маска толығымен қатайған кезде, IntegraBite аппликаторын оңға немесе солға сырғыту арқылы тістеу пластинасынан алыңыз (13-сурет).



11-сурет



12-сурет



13-сурет

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

INTEGRABITE ҚҰРЫЛҒЫСЫН ТАЗАЛАУ

Әр қолданар алдында масканың емделушінің аузына салынған бөлігін су негізіндегі антисептик ерітіндімен тазалауды ұмытпаңыз.

ТЕРМОПЛАСТИКАЛЫҚ МАСКАНЫ ТАЗАЛАУ

Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз. Термопластикалық масканы көзбен тексеріп, егер ол таза болмаса, көзге таза болып көрінгенше тазалаудың алдыңғы қадамдарын қайталаңыз. Термопластикалық маскадағы тазалағыш ерітінді қалдығын суға малынған таза шүберекпен сүртіп кетіріңіз. Құрғату үшін термопластикалық масканы таза, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Төмендегі тазалау материалына сынақ жүргізіліп, ол термопластикалық масканы тазалауға жарамды деп танылды.

- Су
- Сабын мен су

ПІШІНДЕГЕННЕН KEЙІН ТЕРМОПЛАСТИКАЛЫҚ МАСКАНЫ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Құрылғыны зарарсыздандыру үшін өндірушінің нұсқауларына сәйкес төмендегі зарарсыздандыру құралдарының бірін қолданыңыз.

- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі
- Super Sani-Cloth®
- Изопропил спирті
- Cidex® OPA

БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ

! ЕСКЕРТПЕ ! Qfix компаниясы термопластикалық маскалардың әртүрлі өлшемдері мен қалыңдықтарын ұсынады. Берілген қолданысқа қай маска жарайтынын сіздің емдеу бөліміңіз анықтауы керек.

Өнім коды	Сипаттамасы	Әр қаптамадағы саны
RT-1597B	Aquaplast RT Cosmas Cup, Size B	5
RT-1597C	Aquaplast RT Cosmas Cup, Size C	5
RT-1597D	Aquaplast RT Cosmas Cup, Size D	5
RT-1597E	Aquaplast RT Cosmas Cup, Size E	5
RT-1722	Aquaplast RT Sheet, 18" x 24", 2.4 mm, Solid	5
RT-1722P24	Aquaplast RT Sheet, 2.4 mm, 18" x 24", Solid	5
RT-1776KSDGXF	Fibreplast Split Hd Only S-Frame, Ext. Face, 2.4 mm	10
RT-1776KYS DGXF	Fibreplast Open View Split Hd Only S-Frame Variable	10
RT-1778	Aquaplast RT Sheet, 18" x 24", 2.4 mm	5
RT-1778KFORF3	Assure Open View Fibreplast 3-Point Mask, Micro Perf	10
RT-1778KFORF5	Assure Open View Fibreplast 5-Point Mask, Micro Perf	10
RT-1778KORF3	Fibreplast 3-Point, Micro Perf, 2.4 mm	10
RT-1778KORF5	Fibreplast 5-Point, Micro Perf, 2.4 mm	10
RT-1778KPR3D	Fibreplast PR 3-Point, Micro Perf, 2.4 mm Locks	10
RT-1778KPR3DF	Assure Open View Fibreplast PR 3-Point, Micro Perf, 2.4 mm Locks	10
RT-1778KPR5D	Fibreplast PR 5-Point, Micro Perf, 2.4 mm Locks	10
RT-1778KPR5DF	Assure Open View Fibreplast PR 5-Point, Micro Perf, 2.4 mm Locks	10
RT-1778KSDF	Fibreplast Open View Hd +Shldr 2.4 mm Micro Perf	10
RT-1778ORF3	Aquaplast RT 3-Point, Micro Perf, 2.4 mm	10
RT-1778ORF4	Aquaplast RT 4-Point, Micro Perf, 2.4 mm	10
RT-1778ORF5	Aquaplast RT 5-Point, Micro Perf 2.4 mm	10
RT-1778PR2	Aquaplast RT, PR 2-Point, Micro Perf, 2.4 mm	10
RT-1778PR2DC	Aquaplast RT Chin Strap, Micro Perf, 20 cm	4
RT-1778PR3	Aquaplast RT, PR 3-Point, Micro Perf, 2.4 mm	10
RT-1778PR3D	Aquaplast RT, PR 3-Point, Micro Perf, 2.4 mm Locks	10
RT-1778PR5	Aquaplast RT, PR 5-Point, Micro Perf, 2.4 mm	10
RT-1778PR5D	Aquaplast RT, PR 5-Point, Micro Perf, 2.4 mm Locks	10
RT-1779	Aquaplast RT U-Frame, Std, 2.4 mm	5
RT-1779ESD	Aquaplast RT Head Only CURVE S-Frame, 2.4 mm, Standard	10
RT-1779KESDX	Fibreplast Head Only CURVE S-Frame, 2.4 mm, Standard	10
RT-1779KR	Fibreplast Reloadable Insert, Std, 2.4 mm	5
RT-1779KS	Fibreplast Slim U-Frame, Std, 2.4 mm	5
RT-1779KSD	Fibreplast Hd Only Portrait S-Frame, Std, 2.4 mm	10
RT-1779KSDX	Fibreplast Hd Only Portrait S-Frame, Ext, 2.4 mm	10
RT-1779KSX	Fibreplast Slimline U-Frame, 2.4 mm, Extended	5
RT-1779L	Aquaplast RT U-Frame, Lng, 2.4 mm	5
RT-1779O	Aquaplast RT Org U-Frame, Std, 2.4 mm	5
RT-1779S	Aquaplast RT Slim U-Frame, Std, 2.4 mm	5
RT-1779SD	Aquaplast RT Hd Only Portrait S-Frame, Std, 2.4 mm	10
RT-1779SDL	Aquaplast RT Hd Only Portrait S-Frame, Lng, 2.4 mm	10
RT-1779SDX	Aquaplast RT Hd Only Portrait S-Frame, Ext, 2.4 mm	10
RT-1779SL	Aquaplast RT Slim U-Frame, Lng, 2.4 mm	5
RT-1779SO	Aquaplast RT Slim Org U-Frame, Std, 2.4 mm	5
RT-1779SX	Aquaplast RT Slim U-Frame, Ext, 2.4 mm	5

БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ

Өнім коды	Сипаттамасы	Әр қаптамадағы саны
RT-1779X	Aquaplast RT U-Frame, Ext, 2.4 mm	5
RT-1781P	Aquaplast RT Sheet, 9" x 10", 2.4 mm, Perf	5
RT-1782	Aquaplast RT Sheet, 18" x 24", 2.4 mm, Perf	5
RT-1782BOS-DXS	Aquaplast RT Head Only BoS, 2.4 mm Standard Perf	10
RT-1782ESD	Aquaplast RT Head & Shoulder CURVE S-Frame, 2.4 mm	10
RT-1782KESD	Fibreplast Head & Shoulder CURVE S-Frame, 2.4 mm	10
RT-1782KORF3	Fibreplast 3-Point, Std, 2.4 mm	10
RT-1782KORF5	Fibreplast 5-Point, 2.4 mm	10
RT-1782KPR3D	Fibreplast PR 3-Point, Std, 2.4 mm Locks	10
RT-1782KPR5D	Fibreplast PR 5-Point, 2.4 mm Locks	10
RT-1782KSD	Fibreplast Hd+Shldr Portrait S-Frame, 2.4 mm	10
RT-1782KYSDF	Fibreplast Open View Hd + Shldr 2.4 mm Variable Perf	10
RT-1782ORF3	Aquaplast RT 3-Point, Std, 2.4 mm	10
RT-1782ORF4	Aquaplast RT 4-Point, 2.4 mm	10
RT-1782ORF5	Aquaplast RT 5-Point, 2.4 mm	10
RT-1782PR3	Aquaplast RT, PR 3-Point, Std, 2.4 mm	10
RT-1782PR3D	Aquaplast RT, PR 3-Point, Std, 2.4 mm Locks	10
RT-1782PR4	Aquaplast RT, PR 4-Point, 2.4 mm	10
RT-1782PR5	Aquaplast RT, PR 5-Point, 2.4 mm	10
RT-1782PR5D	Aquaplast RT, PR 5-Point, 2.4 mm Locks	10
RT-1782SD	Aquaplast RT Hd+Shldr Portrait S-Frame, 2.4 mm	10
RT-1783P	Aquaplast RT Sheet, 12" x 18", 2.4 mm, Perf	5
RT-1783P3	Aquaplast RT Sheet, 12" x 18", 2.4 mm, Perf	5
RT-1788	Aquaplast RT Sheet, 9" x 12", 2.4 mm, Perforated	5
RT-1788P	Aquaplast RT Sheet, 9" x 12", 2.4 mm, Perf	5
RT-1819KS	Fibreplast Slim U-Frame, Std Nose, 3.2 mm	5
RT-1819KSX	Fibreplast Slim U-Frame, Ext Nose, 3.2 mm	5
RT-1821KP	Fibreplast Pelvis Precut for MT 3-point Hip System, 3.2 mm solid	10
RT-1821P	Aquaplast RT Pelvis Precut for MT 3-point Hip System, 3.2 mm solid	10
RT-1822	Aquaplast RT Sheet, 18" x 24", 3.2 mm, Solid	5
RT-1822P18A	Aquaplast RT Pelvis, 45 cm x 60 cm, 3.2 mm	5
RT-1823P12A	Aquaplast RT 30 cm x 45 cm (12" x 18") solid with bonded Groin Lock (pre-punched)	5
RT-1848	Aquaplast RT Pelvis, 30 cm x 60 cm, 3.2 mm	5
RT-1876KFORF3	Assure Open View Fibreplast 3-Point Mask	10
RT-1876KFORF5	Assure Open View Fibreplast 5-Point Mask	10
RT-1876KSDGLF	Fibreplast Open View Split Hd Only S-Frame	10
RT-1876KYSDGLF	Fibreplast Open View Split S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1878BOS-D2L	Aquaplast RT 38 cm Hd+Neck BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878BOS-D2LS	Aquaplast RT 31 cm Hd+Neck BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878BOS-D2LVS	Aquaplast RT 26 cm Hd+Neck BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878BOS-E2L	Aquaplast RT 48 cm Hd+Shldr BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878BOS-E2LS	Aquaplast RT 43 cm Sm Hd+Shldr BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878KBOS-D2L	Fibreplast 38 cm Hd+Neck BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878KBOS-D2LS	Fibreplast 31 cm Hd+Neck BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878KBOS-D2LSF	Assure Open View Fibreplast 31 cm Hd+Neck BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878KBOS-D2LVS	Fibreplast 26 cm Hd+Neck BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878KBOS-E2L	Fibreplast 48 cm Hd+Shldr BoS Flap, 3.2 mm	10

БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ

Өнім коды	Сипаттамасы	Әр қаптамадағы саны
RT-1878KBOS-E2LF	Assure Open View Fibreplast 48 cm Hd+Shldr BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878KBOS-E2LS	Fibreplast 43 cm Sm Hd+Shldr BoS Flap, 3.2 mm	10
RT-1878KSDF	Fibreplast Open View Hd + Shld 3.2 mm Micro Perf	10
RT-1878S	Aquaplast RT, MT Breast, 3.2 mm	10
RT-1882BOS-D	Aquaplast RT 38 cm Hd+Neck BoS, 3.2 mm	10
RT-1882BOS-DS	Aquaplast RT 31 cm Hd+Neck BoS, 3.2 mm	10
RT-1882BOS-DVS	Aquaplast RT 26 cm Hd+Neck BoS, 3.2 mm	10
RT-1882BOS-E	Aquaplast RT 48 cm Hd+Shldr BoS, 3.2 mm	10
RT-1882BOS-ES	Aquaplast RT 43 cm Hd+Shldr BoS, 3.2 mm	10
RT-1882KBOS-D	Fibreplast 38 cm Hd+Neck BoS, 3.2 mm	10
RT-1882KBOS-DS	Fibreplast 31 cm Hd+Neck BoS, 3.2 mm	10
RT-1882KBOS-DVS	Fibreplast 26 cm Hd+Neck BoS, 3.2 mm	10
RT-1882KBOS-DXS	Fibreplast Head Only BoS, 3.2 mm Standard Perf	10
RT-1882KBOS-E	Fibreplast 48 cm Hd+Shldr BoS, 3.2 mm	10
RT-1882KBOS-ES	Fibreplast 43 cm HD+Neck BoS, 3.2 mm	10
RT-1882KP	Fibreplast MT 3-Point Pelvis, 3.2 mm	5
RT-1882ORF3	Aquaplast RT 3-Point, Std, 3.2 mm	10
RT-1882ORFPLV4	Aquaplast RT 4-Point Pelvis, 3.2 mm	10
RT-1882P	Aquaplast RT, MT 3-Point Pelvis, 3.2 mm	5
RT-1882P18A	Aquaplast RT Pelvis, 45 cm x 60 cm, 3.2 mm	5
RT-1883P	Aquaplast RT Sheet, 12" x 18", 3.2 mm, Perf	5
RT-1883P12A	Aquaplast RT Pelvis, 30 cm x 45 cm, 3.2 mm	5
RT-1889	Aquaplast RT U-Frame, Std, 3.2 mm	5
RT-1889ESD	Aquaplast RT Head Only CURVE S-Frame, 3.2 mm, Standard	10
RT-1889ESDL	Aquaplast RT Head Only CURVE S-Frame, 3.2 mm, Long	10
RT-1889ESDX	Aquaplast RT Head Only CURVE S-Frame, 3.2 mm, Extended	10
RT-1889KESD	Fibreplast Head Only CURVE S-Frame, 3.2 mm, Standard	10
RT-1889KESDL	Fibreplast Head Only CURVE S-Frame, 3.2 mm, Long	10
RT-1889KESDX	Fibreplast Hd Only CURVE S-Frame, Ext, 3.2 mm	10
RT-1889KS	Fibreplast Slim U-Frame, Std, 3.2 mm	5
RT-1889KSD	Fibreplast Hd Only Portrait S-Frame, Std, 3.2 mm	10
RT-1889KSDL	Fibreplast Hd Only Portrait S-Frame, Lng, 3.2 mm	10
RT-1889KSD-S3	Fibreplast Split Hd Only S-Frame Gap, 3.2 mm	10
RT-1889KSDX	Fibreplast Hd Only Portrait S-Frame, Ext, 3.2 mm	10
RT-1889KSL	Fibreplast Slim U-Frame, Lng, 3.2 mm	5
RT-1889KSO	Fibreplast Slim Org U-Frame, Std, 3.2 mm	5
RT-1889KS-S3	Fibreplast Split Slim U-Frame Gap, Std, 3.2 mm	5
RT-1889KSX	Fibreplast Slim U-Frame, Ext, 3.2 mm	5
RT-1889KSXO	Fibreplast Slim Org U-Frame, Ext, 3.2 mm	5
RT-1889KYESD	Fibreplast Variable Perf, Head Only CURVE S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1889KYFORF3	Assure Open View Fibreplast 3-Point Mask, 3.2 mm, Variable Perf	10
RT-1889KYFORF5	Assure Open View Fibreplast 5-Point Mask, 3.2 mm, Variable Perf	10
RT-1889KYS	Fibreplast VP, Slim U-Frame, Variable, 3.2 mm	5
RT-1889KYSD	Fibreplast VP Hd Only Portrait S-Frame, Variable, 3.2 mm	10
RT-1889KYSGLF	Fibreplast Open View Slim Split-Frame U-Frame Lng	5
RT-1889L	Aquaplast RT U-Frame, Lng, 3.2 mm	5
RT-1889O	Aquaplast RT Org U-Frame, Std, 3.2 mm	5

БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ

Өнім коды	Сипаттамасы	Әр қаптамадағы саны
RT-1889S	Aquaplast RT Slim U-Frame, Std, 3.2 mm	5
RT-1889SD	Aquaplast RT Hd Only Portrait S-Frame, Std, 3.2 mm	10
RT-1889SDL	Aquaplast RT Hd Only Portrait S-Frame, Lng, 3.2 mm	10
RT-1889SD-S3	Aquaplast RT Split Hd Only S-Frame Gap, 3.2 mm	10
RT-1889SDX	Aquaplast RT Hd Only Portrait S-Frame, Ext, 3.2 mm	10
RT-1889SL	Aquaplast RT Slim U-Frame, Lng, 3.2 mm	5
RT-1889SLO	Aquaplast RT Slim Org U-Frame, Lng, 3.2 mm	5
RT-1889SL-S3	Aquaplast RT Split Slim U-Frame Gap, Lng, 3.2 mm	5
RT-1889SO	Aquaplast RT Slim Org U-Frame, Std, 3.2 mm	5
RT-1889S-S3	Aquaplast RT Split Slim U-Frame Gap, Std, 3.2 mm	5
RT-1889S-S3O	Aquaplast RT Split Slim Org U-Frame Gap, Std, 3.2 mm	5
RT-1889SX	Aquaplast RT Slim U-Frame, Ext, 3.2 mm	5
RT-1889SXO	Aquaplast RT Slim Org U-Frame, Ext, 3.2 mm	5
RT-1889SX-S3	Aquaplast RT Split Slim U-Frame Gap, Ext, 3.2 mm	5
RT-1889SX-S3O	Aquaplast RT Split Slim Org U-Frame Gap, Ext, 3.2 mm	5
RT-1889X	Aquaplast RT U-Frame, Ext, 3.2 mm	5
RT-1889XO	Aquaplast RT Org U-Frame, Ext, 3.2 mm	5
RT-1889YESD	Aquaplast RT Variable Perf, Head Only CURVE S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1889YS	Aquaplast RT VP, Slim U-Frame, Variable Perf, 3.2 mm	5
RT-1889YSD	Aquaplast RT VP Hd Only Portrait S-Frame, Variable Perf, 3.2 mm	10
RT-1889YSDR	Aquaplast RT Open Eye and Open Mouth Portrait S-frame Head Only	10
RT-1889YSR	Aquaplast RT Open Eye and Open Mouth, Slimline U-frame	5
RT-1892	Aquaplast RT Sheet, 18" x 24", 3.2 mm, Perf	5
RT-1892ESD	Aquaplast RT Head & Shoulder CURVE S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1892K	Fibreplast Sheet, 18" x 24", 3.2 mm, Perf	5
RT-1892KBOS-A2L	Fibreplast BoS, Ext Lock, 3.2 mm	5
RT-1892KBOS-C	Fibreplast 2nd Gen BoS, 3.2 mm	5
RT-1892KESD	Fibreplast Head & Shoulder CURVE S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1892KSD	Fibreplast Hd+Shldr Portrait S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1892KYESD	Fibreplast Variable Perf, Head & Shoulder CURVE S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1892KYSD	Fibreplast VP HD+Shldr Portrait S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1892KYSDF	Fibreplast Open View Hd + Shdr 3.2 mm Variable Perf	10
RT-1892SD	Aquaplast RT Hd+Shldr Portrait S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1892YESD	Aquaplast RT VP Hd+Shldr CURVE S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1892YSD	Aquaplast RT VP Hd+Shldr Portrait S-Frame, 3.2 mm	10
RT-1892YSDR	Aquaplast RT Open Eye and Open Mouth Portrait S-frame Head and Shoulder	10
RT-1896K	Fibreplast Sheet, 24" x 36", 3.2 mm, Perf	5
RT-1969	Aquaplast RT Prone U-Frame, 4.8 mm	4
RT-1989S	Aquaplast RT Slim U-Frame, Std, 4.8 mm	4
RT-1989SO	Aquaplast RT Slim Org U-Frame, Std, 4.8 mm	4
RT-A782KSD	Fibreplast Hd+Shldr Portrait S-Frame, 2.4 mm, Std Perf with Integrated Shim	5
RT-A876KSDGLF	Fibreplast Open View Split Hd Only S-Frame, 3.2 mm, Micro Perf with Integrated Shim	5
RT-A889KYSD	Fibreplast VP Hd Only Portrait S-Frame, 3.2 mm, Variable Perf with Integrated Shim	5
RT-A892KYSD	Fibreplast VP Hd+Shldr Portrait S-Frame, 3.2 mm, Variable Perf with Integrated Shim	5
RT-A892KYSDF	Fibreplast Open View Hd+Shldr S-Frame, 3.2 mm, Variable Perf with Integrated Shim	5
RT-A892YSD	Aquaplast RT VP Hd+Shldr Portrait S-Frame, 3.2 mm, Variable Perf with Integrated Shim	5



440 Church Road
Avondale, PA 19311 USA
www.Qfix.com

+1 484.720.6053 / 800.526.5247

+1 610.268.0588 / 800.831.8174

sales@Qfix.com

2002890_KK_B
2024-02